

А.Тайманов атындағы № 34 мектеп-гимназиясы кітапханасының жылдық есебі. 2022 жыл 31 мамыр

Кітапхананың мақсаты; педагогикалық құрамды және білім алушыларды кітаппен жұмыс істеудің ұтымды тәсілдеріне үйрету, материалдарды іздеуге және талдауға үйрету және оқу әрекетінің ақпараттық қамтамасыз ету ептіліктері мен икемділіктеріне дағдыландыру, өзгерістерді тез арада сезінуге, сын көзімен ойлануға және қажетті ақпаратты қайта қарауға үйрету.

Кітапханада оқушылармен, сынып жетекшілермен бірлесіп көптеген іс шарлар өткізіліп отырады айтулы даталарға байланысты кітап көрмелері ұйымдастырылады. Кітапханамыз жыл сайын жаңа буын оқулықтарымен көркем әдебиеттермен толықтырылып тұрады.

Бақылау көрсеткіші

Бақылау көрсеткіші	2021-2022 оқу жылы
Кітап қоры	41595
Оның ішінде оқулық	36128
Көркем әдебиет	5467
Оқырмандар саны	1630
Оқушылар саны	1600
Мұғалімдер саны	143
Қызметкерлер саны	30
Келушілер саны	10307
Берілген кітап саны	19171

3. Кітапханалық қызмет көрсету бағытында жұмыс орнын даярлау, кітапханаға оқырмандар жазу, кітап көрмелерін тақырыптық сөрелерді қарап толықтыру, әдебиет, оқулықтарды беру, қабылдау, ашық кітап таңдау жағдайында кітап сөресі жанында оқырмандармен әңгіме өткізу, кеңес беру, ай ішіндегі жұмыс қорытындысын күнделік бойынша есептеу. Мектеп кітапханасында оқушылар мен жасөспірімдерді кітап оқуға сүйіспеншіліктерін арттыру, отанымыздың тарихын зерделеу арқылы қабілеттерін шыңдау, кітаптың мәртебесін көтеру және кеңінен насихаттау мақсатында көпшілік шаралар ұйымдастырылды. 22 қыркүйек тілдер мерекесіне орай кітапханамызда «Тілге құрмет-елге құрмет атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. 1-2 сыныптарға кітапханаға саяхат жасалды. Қазан айында алаш қайраткері М.Дулатовқа виртуалды кітап көрмесі ұсынылды. А.Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Әлемдік деңгейдегі тұлға» кітап көрмесі жасақталды. Қараша айында 1-4 сынып оқушылары «Бата-құранның анасы» тақырыбында бейнеролик жасады. Ақпан айында 10 сыныптарға Ж.Жабаевтың 175 жылдығына «Жүз жасаған бәйтерек» атты

танымдық сағат өткізілді.Қаңтар айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 7-10 сыныптар аралығында «Оқырман отбасы» байқауы өткізілді.Нәтижесінде отбасылар бас жүлде 1 2 3 орындармен бағалы сыйлықтармен марапатталды.Наурыз айында Б.Соқбақбаевтың «Жекпе-жек» повесі бойынша 5 сыныптармен виртуалды кітап көрмесі,пікірлесу өткізілді. Сәуір айында мектеп мұғалімдерімен «Бір ел -бір кітап акциясы» аясында READx өткізілді.Мектеп кітапханасы оқушылардың күзгі,қысқы, көктемгі,жазғы демалыс уақыттарында оқуға әдеби кітаптар ұсынады. Кітапхана «**Оқуға құштар мектеп**» жобасы бойынша жұмыс жасайды. Жоба 7 бағыттан тұрады.

1 бағыт. Барлық пәндер арқылы оқу-бұл бағыт бойынша мұғалімдер үзіліске 5 мин қалғанда аптасына 1 рет классика н/е жаратылыстану бағытында сыныпқа кітап оқып береді. . Оқылған кітаптар І.Есенберлин «Қаһар» ,Ж.Аймауытов «Ақбілек», Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер» Ә.Нұршайықов « Ақиқат пен аңыз». Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала»

2 бағыт Еркін оқу кеңістігі- бұл бөлімде бастауыш сынып мұғалімдері кітапханадан ертегі кітаптар алып, үзіліс кезінде оқушыларға оқытып және оқыған кітаптары бойынша эссе жаздырды. Қысқы, көктемгі, күзгі,жазғы каникул кездерінде әр сыныптарға оқуға әдебиеттер ұсынылады. Мұғалімдермен REFDx өткізіледі.

3 бағыт- Кітап оқу арқылы өзін өзі дамыту- бұл бағыт бойынша 7 сыныптармен « Ақжайық қаламгерлері» библиококтейль, 8 сыныптармен «Кітап оқып рухани бай бол» библиофреш 5 сыныптармен « Менің сүйікті кітабым « атты үзіліс кезінде библиошар өткізілді.

4 бағыт-Отбасылық оқудың дәстүрлері- бұл бағыт бойынша оқырман отбасы байқауы өткізілді.

5 бағыт- Оқу уақыты- бұл бағыт бойынша мұғалімдермен, оқушылармен «Өзің оқып, өзгеге ұсын» тақырыбында READx өткізілді

6бағыт- Мектеп кітапханаларының қызметін ұйымдастыру.-оқу марафоны қосымшасына сәйкес Ғ.Мүсіреповтың 100 жылдығына орай 9 сыныптармен библиоквест ұйымдастырылды

7 бағыт- Материалдық-техникалық база- 3 компьютер, , 1 принтер. 1 компьютер интернет желісіне қосылған.

Мектеп дәлізінде «Bookcrossing», «Бір ел-бір кітап» «Мобилді кітапхана» стенді жасақталған. Оқушылар қажет кітаптарын QR код арқылы қажет кітаптарын жүктеп оқи алады.

Өткізілген шаралар инстаграм парақшасына салынады

Оқушы басына шаққанда оқулық -25-30 данадан , әдеби кітаптар-5 данадан келеді.

4. Анықтамалық-библиографиялық жұмыс бағытында өлкетану картотекасы, алфавиттік ,жүйелік каталог бар. Мұғалімдердің басылым беттеріне шыққан мақаларына арналған, тақырыптық картотека жасақталған. Мектеп мұғалімдері де өз пәндері бойынша қосымша ақпаарттарды, кітаптарды, энциклопедияларды, сөздіктерді кітапханада пайдаланады. Бастауыш сыныпта оқушыларының кітап таңдауда кітапханашының көмегі зор.Бастауыш сынып оқушылары арасында ата-анасының көмегі арқылы кітапханадан кітаптар алып жататын оқырмандарымызда болады. Ал жоғары сынып оқушылары қосымша деректер табуда энциклопедия сөздіктер басқа да әдебиеттер арқылы сұраған тақырыптары барынша қанағаттандырылып отырады. Биылғы оқу жылында марксоыл бағдарламасы бойынша жұмыстануды бастадық. Кітапхана қоры кітапханалық библиографиялық жіктеу кестесімен жинақталған. Кітапхана кеңесі жұмыс жасайды. Кеңестің мақсаты: оқушыларды кітапханаға тарту. Кітапханада өткізілетін шараларды бірлесіп ұйымдастыру, қорды сақтауға көмектесу.

Кітапхана қорын сақтау, толықтырубағытында келіп түскен әдебиеттерге ақпараттық бюллетень жасалады. Жыл сайын қалалық білім бөліміне оқулықтарға білім стандарты бойынша тапсырыс беріліп отырады. 2021-22 оқу жылына қосымша оқулыққа сұраныс жіберілді. Оқушылар оқулықпен тегін қамтылады.

Жыл сайын мектеп кітапханасына газет-журналдарға жазылуға 230 мың теңге ақша бөлінеді. Осы ақшаға ұстаздарға,балаларға арналған әдістемелік, республикалық, және облыстық басылымдарды алдыртамыз. Кітапхана жаздырып алатын бұқаралық ақпарат құралдары оқырманның сапасына әсер етіп, әлеуметтік ортаны қалыптастыратыны сөзсіз.

Баспасөзге берген материалдар

Кітапханашының және оқушыларының жетістіктері.

Соңғы курстан өткен жылы «Білім беру мекемесінің заманауи кітапханасы: жаңа басымдылық пен инновациялық іс-тәжірибелер» "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы.

Бақылау көрсеткіші

Келушілер саны	Оқылымы	Негізгі қор айналымы	Қамтамасыз етілуі	1 оқушыға қанша кітаптан
10307	19171	4	7	23

10. Материалдық –техникалық базасы

№	Көлемі	Кітапхана құрал	Жаңа техникалық құралдар
---	--------	-----------------	--------------------------

	(ш/м)	жабдықтары							
1		Стелалар	Үстел	Орын саны	Компьютер	Принтер	Сканер	Интерактивті тақта	Электрондық каталог
	90	20	8	22	3	1	1	-	-

Алдағы оқу жылындағы міндетіміз- оқырманның талап тілектерін орындап, мектептің тәрбие жұмысына өз үлесімізді қосу.

Мектеп-гимназия директоры: Е.Е.Кадыров